

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бағлан» бөбекжайы МКҚК**

Педагогикалық кеңестің

№1 Хаттамасы

31.08.2021 ж.

Қатысқаны-14

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
2. Жазғы сауықтыру кезінде істелінген жұмыс есебі.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.
4. Қ.Р-ның Мектепке дейінгі ұйымдарда 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

1. Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Т.Кунтуова жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, балабақшаның алдағы жылдық мақсат, міндеттерімен таныстырды және балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекітті.

Балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұжым болып жылдық мақсаттар белгілейміз және сол мақсаттарға жетуге ерінбей еңбек етеміз. Жаңа оқу жылына жаңа қарқынмен кірісіп, талмай еңбек етулеріне тілек білдірді. Сонымен биылғы жылдың мақсаты:

2. «Денсаулық» білім беру саласы.

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту. Қимыл қозғалыс ааарқылы балалардың дене қимылдарын бұлшық еттерін жетілдіру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

2. «Қатынас» білім беру саласы.

Мақсаты: Балалардың тілін дамыту жұмысын ойындар мен театрланған көріністерді пайдалану арқылы дамыту. Балаларды театр мәдениетіне баулу, үлкендермен және құрбыларымен дұрыс қарым-қатынас жасауға, шет тілдерін талапқа сай игеруді дамыту.

Балалардың білуге құмарлығын, талаптылығын, өз бетімен жаңа әсерлерді ізденуін, түрлі әрекеттердегі қабілеттілігін байқау.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз сөйледі. Жазғы сауықтыру кезеңінде жоспар бекітілген, сол жоспар бойынша жалпы жүргізілген жұмыстар жөнінде айтып өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: балабақша әдіскері Г.Н.Коштаева жазғы сауықтыру кезінде жоспар бойынша жұмыс жүргізілді және аудандық білім бөлімінен келген бұйрықтар бойынша шілде айында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне-30 жыл толуына байланысты әр түрлі іс-шаралар болып өтті. Түрлі сырттай байқаулар бойынша тапсырмалар орындалды.

ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары жөнінде айтып өтті. Өткен 2020-2021 оқу жылында педагог қызметкерлеріміз, тәрбиешілеріміз өздеріне берілген шығармашылық тақырып бойынша жыл бойы жұмыс жасап, өздерінің іс-тәжірибелерінің нәтижелерін көрсетті. Қалған педагогтар өздерінің шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс істей береді. Бірнеше жыл бір тақырыпта ізденіп, өз жұмыстарын қорғап шыққан педагогтарға жаңа тақырып беріледі. Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей материалдар іздеп, жинақтап, жаңа тұрғыда байланыстар тауып, ендіруді тапсырамын. Бекітілген тақырыптармен іс-жүргізуге табыс тілеймін-деп сөзін аяқтады.

ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөзге шықты. Мектепке дейінгі ұйымдарда 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

Перспективалық жоспар, циклограмма, тәрбиеші құжаттары барлығы осы әдістемелік нұсқау хаттағыдай болуын, берілген өтпелі тақырыптармен жұмыс істелуін әдіскер Г.Н.Коштаева тапсырды.

Тәрбиешілерге мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жеке басын дамыту, білім беру мазмұнының жаңарту, баланың ұрпақ тәрбиесін жаңа сапалық деңгейге көтеру, балаларды шамадан тыс жүктемеден сақтайтын және білім мазмұнына міндетті минимумы мен бала дайындығына қойылатын талаптар деңгейін белгілейтін мемлекеттік құжат жаңа стандарт бойынша жұмыс жүргізулерін айтып өтті.

ШЕШІМІ:

1. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.
2. Жазғы сауықтыру бойынша жасалған жұмыстардың фото слайдтары мен видеороликтері жасалып тапсырылсын.
3. Тәрбиешілер, педагог мамандар шығармашылық тақырыптарына сай ізденіп, материалдар жинақтауды жалғастырсын.
4. 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесі ұйымдастырылып, жаңа әдістемелік нұсқау хат бойынша жұмыс жүргізілсін.


Бөбекбай аудандық меңгерушісі:  А.Т.Кунтуова
Хатшы:  Г.Н.Коштаева

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бағлан» бөбекжайы МКҚК**

Педагогикалық кеңестің кезектен тыс

№2 Хаттамасы

06.09.2021ж.

Қатысқаны-14

Күн тәртібінде:

**1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт
Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі ЖОЛДАУЫ**

ТЫҢДАЛДЫ: балабақша меңгерушісі А.Кунтуова сөз алды. Балабақша қызметкерлеріне мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 1 қыркүйектегі жаңа ЖОЛДАУЫ жолданғаны жайлы айтып өтті және Жолдауды оқып таныстырды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын жариялады.

Президентіміз осы жолдауында мына мәселелерді қарастырған.

- 1.Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму.
- 2.Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру.
- 3.Сапалы білім беру.
- 4.Өңірлік саясатты жетілдіріу.
- 5.Еңбек нарығында тиімді экожүйе қалыптастыру.
6. Саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау.
- 7.Ұлттың ұйысуы-одан әрі дамудың басты факторы.

Президент өз сөзінде «Бәйтерек» және «ҚазАгро» холдингтерін біріктіру аяқталғанын, портфельдік компаниялардың екі есеге қысқарып, ал олардың штаты бір жарым есеге қысқарғанын айтып өтті.

Сонымен қатар бес бастаманы ұсынды.

- 1.Ең төменгі жалақы деңгейін өсу бағытында қайта қарау және салықтық, әлеуметтік және басқада салаларда есептік көрсеткіш ретінде орынсыз пайдалануды тоқтату.

2. Өз жұмысшыларының жалақысын көбейтуге ынталандыратын «ұтымды» шараларын әзірлеу, атап айтқанда реттелетін сатып алуды ынталандыру және мемлекеттік қолдауға жеңілдікпен қол жеткізу.

3. Микро және шағын бизнес үшін жалақы қорынан бірыңғай төлемді 34 – дан 25 –ға дейін төмендету.

4. Мәдениет саласы қызметкерлерінің, техникалық жұмысшылардың, жүргізушілердің және басқа кәсіп өкілдерінің жалақысын көтеру.

5. Қолжетімді тұрғын үй ипотекасының бағдарламасын әзірлеу.

Қазіргі таңда көптеген адамдар үшін ең басты мәселе тұрғын үй мәселесі болғандықтан, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша тұтас тұрғын үй бағдарламасы әзірленетінін айтып өтті.

Сондай-ақ Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану бастамасына оң баға берді.

Соңында Қ.Тоқаев Парламенттің ағымдағы жылғы жұмысын қортындылап, заң жобаларын терең пысықтау қажеттілігін атап өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: балабақша әдіскері Г.Н.Коштаева сөз алды.

Президентіміз 1 қыркүйектегі жолдауында сапалы білім беру мәселесіне тоқталып өткен. Әрине сапалы білім беру біздің міндетіміз. Білімді ұрпақ тәрбиелеуде талмай еңбек етіп, үнемі ізденісте болуымыз керек.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: кәсіподақ ұйымының төрайымы Г.Н.Коштаева сөз алды. Қазіргі кезде көптеген адамдарымыз баспанасыз жүр, Президентіміз осы орайда «Қолжетімді тұрғын үй ипотекасының бағдарламасын әзірлеу» мәселесіне және ең аз жалақыны көбейту мәселесі бойынша өте дұрыс бастама жасап отыр. Бұл әрине халықтың тұрмысына, әл-ауқатына қажет өзекті мәселелер.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: балабақша тәрбиешісі Г.Балгабекова сөз алды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қазақстан халқы жолдауында өте өзекті мәселелерді қарастырып отыр. Сондай-ақ Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын бұрын пайдалану бастамасына оң баға берді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі халқына арналған Жолдауын жүзеге асыруға міндеттіміз.
2. Жоғарыда аталған міндеттерді насихаттауды қолға алу жұмыстары жандандырылсын.

Бөбекбай мекенгерушісі:  А.Т.Кунтуова

Хатшы:  Г.Н.Коштаева



**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бағлан» бөбекжайы МКҚК**

**Педагогикалық кеңестің
№2 Хаттамасы**

26.10.2021ж.

Қатысқаны-15

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Бала-біздің болашағымыз» (Баяндама)
3. Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз.

1 ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Алдағы уақытта өтілетін ашық оқу қызметтерінде жаңа технологияларды пайдаланып, мазмұнды да, қызықты өтуіне еңбектену керек.

Әр педагог өзіне берілген шығармашылық тақырып бойынша жұмыс жасап, әркім өзінің тақырыбын ашу үшін жұмыс жасалынып жатыр. Жазғы жөндеу жұмыстары түгел талапқа сай жасалды.

2 ТЫҢДАЛДЫ: «Бала-біздің болашағымыз» атты баяндаманы тәрбиеші Г.Тойшибекова оқып таныстырды. Баяндамада Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі екенін, білімді, денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, біз аянбай еңбек етуіміз керек екені жайлы айтылды. Бала бақытының кепілі—ата-ананың өнегелі тәрбиесінде. Отбасы-адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс-әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Жақсы перзент ата-ана қолындағы аманаты. Отбасында баланың жан дүниесін рухани пәктігіне тәрбиелеген абзал. Отбасында ата-ананың ықыласына бөленіп, тәрбие көріп өскен бала балабақшада да, мектептеде өз ісіне жауап бере алады-деп, баяндамасын аяқтады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: б/б әдіскері Г.Н.Коштаева сөз алды. Бала тәрбиесі-ұлт болашағы екенін білесіздер. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған жөн. Тәрбиені бірінші орынға қойып, үнемі оқу қызметін бастамас бұрын тәрбиеге шақырып алу керек. Тәрбиелік мәні бар

әңгімелерді оқып беріп, мысалдарды келтірумен қатар, тәртіпті балаларды үлгі етіп отыру керек.

Бала дегеніміз-болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің жалғасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда-деп, сөзін аяқтады.

ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз алды. ҚР-ның Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №59 бұйрығына тоқталып, қысқаша түсіндірді. Бала денсаулығын сақтау және нығайту басты міндеттеріміз. Таңертең баланы қабылдап алғанда дене қызуын өлшеп, баланың денсаулығына мән беру керек-деп, сөзін аяқтады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: б/б мейірбикесі А.Алиева тәрбиешілерге біраз міндеттерді түсіндіріп өтті. Көшеден серуеннен келген кезде , тамақ ішкенге дейін , басқада ластанған жағдайларда балалардың қолын уақтылы жуу керек, топта болмаған кезде бөлмені желдету, желдету кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәрбиешінің міндеті-деп, сөзін аяқтады.

ШЕШІМІ:

1. Өткен кеңестің шешімдірі орындалсын.
2. Балаға тәрбие беру басты міндетіміз.
3. Балалардың денсаулығын нығайтуда ҚР-ның Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №59 бұйрығына сәйкес жұмыс жасалынсын.


Бөбекқай меңгерушісі:  А.Т.Кунтуова
Хатшы:  Г.Н.Коштаева

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бағлан» бөбекжайы МКҚК**

Педагогикалық кеңестің

№3 Хаттамасы

22.12.2021ж.

Қатысқаны-14

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы .
2. Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысының есебі.
3. Төтенше жағдайларда балалар қауіпсіздігін сақтау негіздері.
4. Мектеп жасны дейінгі балаларға шама туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. (Баяндама)

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдері туралы айтып өтті. Балабақшамыздың тәжірибелі мамандары А.Аскарова, С.Бестенова, Г.Тойшибекова сынды тәрбиешілеріміз әр ұйымдастырылған оқу қызметін қызықтырып, әр түрлі әдіс- тәсілдер, жаңа технологияларды қолданып өтуде. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасу үшін үнемі ізденісте болып, қызықты жаңа әдістер қолдануды жалғастыру жайлы айтты.

Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысы туралы б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова айтып өтті. Тәрбиешілердің күн тәртібі бойынша жұмыс жасауда екенін, таңғы жаттығулар, түскі гигиеналық шаралардың орындалуы жөнінде және күннің екінші жартысында, серуен кезінде жасалатын бақылау, еңбек туралы айтып өтті. Күн тәртібінің жоспарға сәйкес орындалуын талап етті.

Сөз сөйлегендер: б/б әдіскері Г.Н.Коштаева балабақшада күнделікті бақылау жүргізілуде. Кейбір топтарда таңғы жаттығулар дер кезінде орындалмай жатыр .Атап айтсақ Ортаңғы «Бөбек» тобында балалар таңертең бақшаға кеш келетіні анықталды. Сол себепті ата-аналарға балаларын кешіктірмей әкелуін ескерту керек екені жайлы айтып өтті. Басқа топтар жоспардағыдай орындалып жатыр.

3.ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова төтенше жағдайларда балалар қауіпсіздігін сақтау негіздері жайлы айтып, түсіндіріп өтті. Қыс

мезгілінде күнделікті серуен кезінде шатырдан еритін мұз сүңгілерінен, тайғанақ жерлерден өткенде абай болулары жөнінде айтып өтті.

4 ТЫҢДАЛДЫ:б/б тәрбиешісі А.Асқарова «Мектеп жасына дейінгі балаларға шама туралы қарапайым түсінік қалыптастыру » тақырыбында баяндаманы оқыды. Шама туралы бірқатар түсініктер жайлы айтып, түсіндіріп өтті.

Сөз сөйлегендер: тәрбиеші Х.Уриспаева педагогтардың осындай әр түрлі тақырыптарда баяндамаларды тыңдап, талқылап отыруымыз керек, біз жаңашыл педагог болу үшін үнемі ізденіп, жаңа технологиялармен танысып отыруымыз қажет деп,- сөзін аяқтады.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
- 2.Оқу тәрбие жұмыстары жоспардағыдай жүргізілсін.
- 3.Төтенше жағдайларда балалар қауіпсіздігі сақталсын.
- 4.Балаларға түрлі жаңаша әдіс-тәсілдерді үйрету жалғастырылсын.


Бөбекжай мектептерінің:  А.Т.Кунтуова
Хатшы:  Г.Н.Коштаева

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бағлан» бөбекжайы МКҚК**

Педагогикалық кеңестің

№4 Хаттамасы

18.02.2022ж.

Қатысқаны-15

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. «Мен және менің ортам», «Менің танымдық әлемім» педагог қызметкерлер мен балаларға арналған тренинг.
2. Баяндама: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайларында білім беру процесі.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талқылау.

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі. А.Т.Кунтуова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдері туралы айтып өтті. Балалардың деңгейін анықтау бойынша аралық мониторинг бастапқыға қарағанда көрсеткіші жоғары. Балаларды білімді де, тәртіпті етіп тәрбиелеу біздің міндетіміз. Алдағы уақытта да мониторинг көрсеткіші жоғары деңгейде болсын, -деп сөзін аяқтады.

2. Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Н.Коштаева сөзге шықты. 2020-2021 оқу жылындағы жылдық жоспар бойынша психолог Г.Н.Коштаева «Мен және менің ортам» атты тәрбиешілерге арналған тренинг жүргізді. Және кіші қызметкерлерге «Жақсы көңіл-күй жан азығы» атты тренинг жүргізіп педагогтар мен қызметкерлерге рухани азық сыйлады. Балалармен «Менің танымдық әлемім» тақырыбында балалармен қызықты тренинг өткізді. Балалар сәлемдесудің түрлерін қызықты етіп өткізді, АКТ-ны қолдана отырып балаларды белсендіре қатыстырды.

3. Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша ересек «Балдәурен» тобының тәрбиешісі А.Аскарова «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайларында білім беру процесі» тақырыбында баяндаманы оқып таныстырды. Жаңартылған Стандарт негізінде мектепке дейінгі білім беру саласындағы ғылым мен практиканың жетістіктері, отандық және шетелдік тәжірибелерді ескеріп, Әдістемелік нұсқаулық хат

жаңартылған мазмұнды іске асырудың негізі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістерін әдістемелік тәсілдерін, стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауда, мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады,-деп өз сөзін аяқтады.

4. Тыңдалды: төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі

А.Т.Кунтуова сөзге шықты. Қаңтар, ақпан айларында жылдық бойынша тәрбиешілерге ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері берілген. Атап айтатын болсақ ортаңғы «Бәйшешек» тобының тәрбиешісі Х.Бердалиева «Қатынас» саласынан оқу қызметін өтті. Оқу қызметі өте жоғары дәрежеде өтті. Ересек «Балдәурен» тобының тәрбиешісі А.Аскарова «Отпен ойнама балақай» атты қауіпсіздік ережелері бойынша өткен ашық оқу қызметі өте қызықты өтті. Оқу қызметінің құрылымы, ұйымдастыру шеберлігі өте жоғары. Ортаңғы «Бөбек» тобының тәрбиешісі Г.Балкыбекова «Қысқы ойындар түрі» тақырыбындағы, ортаңғы «Балауса» тобының тәрбиешісі Г.Тойшибекова «Көліктер» тақырыбындағы, Ортаңғы «Бәйшешек» тобының тәрбиешісі З.Молдабаева оқу қызметінің құрылымы керемет ұйымдастырылған. Балалардың жасына сай тапсырмалар, ойындар ойнатылды. Бұл тәрбиешілерге алдағы уақытта да талмай еңбек етіп, іздене берулерін айтты. Ал, кіші «Балапан» тобының тәрбиешісі А.Бакашева «Менің отбасым» тақырыбында өткізген ашық оқу қызметінде біраз кемшіліктер орын алды. Тәрбиешінің өзін ұстауы, сөйлеу мәнеріне сын айтылды. Дегенмен де балалардың тәртібіне басты назар аудару қажет. Балаларды өзіне қарата білуі керек. Бұдан былай да ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін қызықты етіп, жаңа технологияларды қолданып өткізіңіздер,-деп сөзін аяқтады.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Психолог әрдайым жоспардағыдай балалармен, қызметкерлермен қызықты тренингтер өткізіп отырсын..
3. Педагогтар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнымен танысып, жұмыс жасасын.

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бағлан» бөбекжайы МКҚК**

Педагогикалық кеңестің

№5 хаттамасы

31 .05.2022 жыл

Қатысқандар: 15

Күн тәртібінде:

1. Қорытынды педагогикалық кеңес 2020-2021 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың сауат ашудағы танымдық қабілеттерінің деңгейі.
3. Жазғы сауықтыру жоспарын бекіту.
4. Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім құзіреттілігін қалыптастырудың мониторингі.

1.Бірінші мәселе бойынша б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз сөйледі. Жыл бойы балабақшада атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті. Жылдық жоспарда түзілгендей барлық іс-шаралар жүргізілді, кеңестерде барлық мәселелер талқыланып отырды, мерекелер, ертеңгіліктер атап өтілді. Оқу жылын ойдағыдай аяқтап, түлектерімізді мектепке шығарып салу ертеңгіліктері ойдағыдай өтті деп айта аламыз. Ендігі кезекте 1 маусым балаларды қорғау күнін қызықты етіп өткізуге, алдағы уақытта да педагогтарымызға аянбай еңбек етуді, жаңашыл, шығармашыл болуға тілек білдірді.

2. Тыңдалды: б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова сөз сөйледі. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстырып өтті. Жазда жылы суда сауықтыру жұмыстарын өткізуді, эстафеталар, жазғы спорттық ойындарды өткізу, ата-аналармен отбасылық жарыстар өткізу жайлы айтып өтті.

3. Тыңдалды: б/б әдіскері Г.Н.Коштаева сөз алды. Биылғы оқу жылында балалардың деңгейін анықтау бойынша бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жасалынып, мамыр айындағы қорытынды мониторингтің нәтижесі бойынша түсіндіріп өтті.Бастапқы, аралық мониторингке қарағанда қорытынды бағалау көрсеткіші жоғары. Балаларды білімді, тәрбиелі етіп тәрбиелеу біздің міндетіміз. Мониторингті қорытындылай келе , алдағы уақытта жақсы көрсеткішке жетуге жұмыс жасайық-деп сөзін аяқтады.

ШЕШІМІ:

- 1 Қорытынды педагогикалық кеңес 2020-2021
- 2 Жазғы сауықтыру жоспары бекітілді.
- 3 Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім құзіреттілігін қалыптастырудың мониторингі жоғары деңгейде болсын.


Бөбекжай меңгерушісі:  А.Т.Кунтуова
Хатшы:  Г.Н.Коштаева